

«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасы  
Мүшелерінің Жалпы жиналышының  
2022 жылғы 25 ақпандагы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»



«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION»  
ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНЫҢ  
РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 1.1 «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Ревизиялық комиссиясы туралы осы ереже Заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын және Палатаның Кесіби әдеп кодексін, сондай-ақ Палатаның басқа да ішкі құжаттары ескеріліп, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Жарғысына сәйкес өзірленген.
- 1.2 Осы Ереже Ревизиялық комиссияның мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, құзыretін, функцияларын, құру тәртібін және жұмыс тәртібін айқындастының Палатаның ішкі құжаты болып табылады.

## **2 РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ МӘРТЕБЕСІ**

- 2.1 Ревизиялық комиссия Палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын заң консультанттары палатасының органы болып табылады.
- 2.2 Ревизиялық комиссияның Тәрағасы мен мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.
- 2.3 Ревизиялық комиссияның мүшелері өзінің қызметін жүзеге асырғанда жасаған заңға қайшы әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Палатаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен жауапкершілік көтереді.
- 2.4 Ревизиялық комиссия мүшелерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) Палатаның Басқармасына шағым жасауға болады.

## **3 РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

- 3.1 Ревизиялық комиссияның мақсаттары:
  - 3.1.1 Палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау;
  - 3.1.2 Қаржы тәртібін нығайту және Палатаның экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Палатаның бюджет қаражатын басқару пен пайдаланудың тиімділігін арттыру;
- 3.2 Ревизиялық комиссияның міндеттері:
  - 3.2.1 Палата бюджетінің атқарылуына аудит пен қаржылық бақылауды жүзеге асыру;
  - 3.2.2 Қазақстан Республикасы заңнамасының, Палатаның Жарғысы мен өзге де ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын бақылау;
  - 3.2.3 Палата бюджетінің атқарылуын талдау және бағалау.

## **4 РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУДЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИНІҢ ТӘРТІБІ**

- 4.1 Ревизиялық комиссияның мүшелерін Жалпы жиналыс сайлайды;
- 4.2 Ревизиялық комиссияның мүшелері Палата мүшелерінің арасынан сайланады немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен азаматтық-құқықтық немесе еңбек шарты жасалатын кесіби консультанттар/мамандар арасынан тағайындалады.
- 4.3 Ревизиялық комиссия 5 (бес) адамнан аспайтын құрамда құрылады;
- 4.4 Ревизиялық комиссияның функцияларын орындау жекедара Ревизор ретінде Палата мүшелерінің біріне жүктелуі мүмкін;

- 4.5 Палатаның алқалы және атқарушы басқару органдарының мүшелері Ревизиялық комиссияның құрамына кіре алмайды.
- 4.6 Басқарма Ревизиялық комиссияның Төрағасын тағайындаиды;
- 4.7 Ревизиялық комиссияның сандық және дербес құрамы және оған енгізілген өзгерістер туралы ақпарат Палатаның ресми сайтына орналастыру жолымен Палатаның барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі;
- 4.8 Ревизиялық комиссияның Төрағасы Ревизиялық комиссияның қызметіне басшылық жасайды және жұмысын ұйымдастырады;
- 4.9 Осы Ережеде көзделген мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау, сондай-ақ Палатаның басқа органдарымен (лауазымды тұлғаларымен) өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін Ревизиялық комиссияның Төрағасы мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:
  - 4.9.1 Ревизиялық комиссияның қызметіне басшылық жасайды;
  - 4.9.2 Палатаның Басқармасына және басқа органдарына Ревизиялық комиссияның қызметі және оның қабылдаған шешімдері туралы ақпарат береді;
  - 4.9.3 жылына кем дегенде 1 (бір) рет Жалпы жиналышқа Палатаның қаржы-шаруашылық қызметі туралы қорытындыны (есепті) ұсынады;
  - 4.9.4 Ревизиялық комиссия функцияларының күнделікті орындалуын қамтамасыз етеді;
  - 4.9.5 Ревизиялық комиссияның құжаттарына Ревизиялық комиссияның мүшелері талқылап, шешім қабылдағаннан кейін ғана қол қояды;
  - 4.9.6 Ревизиялық комиссияның міндеттері мен функцияларын орындауды қамтамасыз етуге, Палатаның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды атқарады;
  - 4.9.7 Ревизиялық комиссияның Төрағасы (Төң төрағалары) болмаған кезде оның қызметіне оның мүшелерінің бірі басшылық етеді.

## **5 КОМИССИЯЛАР МЕН КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫС ҚАГИДАТТАРЫ**

- 5.1 Ревизиялық комиссияның жұмысының негізіне мына қагидаттар алынған:
  - 5.1.1 заңдылық;
  - 5.1.2 Палата мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің тенденциясы;
  - 5.1.3 қызметінің ашықтығы;
  - 5.1.4 есептілік;
  - 5.1.5 жариялыштық;
  - 5.1.6 еріктілік.

## **6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

- 6.1 Ревизиялық комиссияның (Ревизордың) өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл.
- 6.2 Осы Ереже Палата мүшелерінің Жалпы жиналышы бекіткен кезден бастап күшіне енеді.